

Саймасай, Тескенсу және Рахат селолық округтердегі ірі қара және ұсақ малдарының сарып ауруын жою мақсатында шектеу қою туралы

Күші жойған

Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 26 мамырдағы N 2032 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Еңбешіқазақ ауданының әділет басқармасында 2008 жылы 27 маусымда N 2-8-93 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 24 желтоқсандағы N 3412 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің 2008.12.24 N 3412 Қаулысымен

Қазақстан Республикасы "Ветеринария туралы" Заңының 10-бабының 2-тармағының 10-тармақшасына және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылық Министрлігінің 2004 жылғы 5 қарашадағы N 632 "Адам және жануарлар үшін ортақ (бруцеллез) ауруларды алдын-алу және күресу жөніндегі ветеринариялық-санитарлық және санитарлық-эпидемиологиялық Ережені бекіту туралы" бұйрығын басшылыққа ала отырып және Еңбешіқазақ аудандық аумақтық инспекциясының мемлекеттік бас ветеринариялық инспекторының 2008 жылғы 21 мамыр айындағы N 2-08/243 ұсынысына сәйкес шектеу қою мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Саймасай селолық округіндегі ірі қара мал, Тескенсу және Рахат селолық округтеріндегі ұсақ малдарының, сарып ауруын жою мақсатында шектеу қ о й ы л с ы н .

2. Сарып ауруын жою жөніндегі ветеринариялық-санитарлық іс-шаралар жоспарға сәйкес бекітілсін (қосымша екі парақ).

3. Аудандық мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы Саймасай, Тескенсу және Рахат селолық округтеріндегі тұрғындары арасында санитарлық-эпидемиологиялық ағарту жұмыстарын күшейтіп, сарып ауруы тіркелген ошақтарда және ол округтегі ауыл тұрғындарынан сарып ауруына қан алу жұмыстары жүргізіліп үнемі бақылауға алынсын.

4. Саймасай, Тескенсу және Рахат селолық округтеріндегі ветеринариялық инспекторлар малдардың қозғалысын және бекітілген іс-шаралар жоспарының орындалуын қадағалау жұмыстарын қатаң түрде жүргізсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен

с о ң

қ о л д а н ы с қ а

е н г і з і л е д і .

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Бөлтірік Аусадықұлы Жақыповқа жүктелсін.

Аудан әкімі

Ә. Тойбаев

Еңбекшіқазақ

ауданы

әкімдігінің

2008

жылғы

26

мамырдағы

N

2032

қаулысына

қосымша

Саймасай, Тескенсу және Рахат селолық округтердегі малдары сарып ауруымен ауырғанына байланысты орындалатын ветеринариялық-санитарлық іс-шаралардың ЖОСПАРЫ

N	Ветеринарлық-санитарлық шаралар	Орындау мерзімі	Орындаушы	Кімнің бақылауында
1	Қолайсыз ошаққа аудандық әкімдігі тарапынан шектеу қою	үнемі	Аудандық ауылшаруашылық бөлімі	Аудандық ауылшаруашылық бөлімінің бастығы
2	Ауру шыққан қораны эпизоотиялық-эпидемиялогиялық тексеру актісін шығару	үнемі	Комиссия құрамы	Аудандық аумақтық инспекциясының бас мал дәрігер инспекторы
3	Ауру малды шұғыл түрде бөлу тиіс	үнемі	Мал иесі	Селолық округтің вет. инспекторы
4	Ауру малды алу және жою	үнемі	комиссия құрамы және Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын "Республикалық эпизоотияға қарсы күрес отряды"	Аудандық ауылшаруашылық бөлімінің бастығы
5	Мал тұрған қораны тазалап, көң мен қиды далаға бір жерге үйіп шығарылуы тиіс	үнемі	Мал иесі	Селолық округтің вет. инспекторы
6	Мал тұрған қораға және сойылған жерге	үнемі	Лицензиялы мал дәрігер, мал	

	залалсыздандыру жұмыстарын жүргізу		иесі, "РЭО"	РМҚК	Селолық вет. инспекторы	округтің
7	Қалған малдан 2 рет қатарынан 15-30 күнде қан алу	үнемі	Лицензиялы дәрігер, иесі, "РЭО"	мал РМҚК	Селолық вет. инспекторы	округтің
8	Екі рет таза шыққан сау малды 3 айлық тәртіптің бақылауға алу немесе әр 45 күнде тағы 2 рет қан алу	үнемі	Лицензиялы дәрігер, иесі, "РЭО"	мал РМҚК	Селолық вет. инспекторы	округтің
9	Ауру ошақта қорытынды залалсыздандыру жұмыстарын жүргізу, басқа мал ауырмаса	үнемі	Лицензиялы дәрігер, иесі, "РЭО"	мал РМҚК	Селолық вет. инспекторы	округтің
10	Қолайсыз аудандық ошақтан таранынан алу туралы шешімі әкімдігі шектеу	үнемі	Аудандық ауыл шаруашылық бөлімі		Аудандық ауыл шаруашылық бөлімінің бастығы	
11	Адамды ауруынан шаралары жеке гигиеналық талаптары: сарып қорғау және бастың					
	1) Арнайы киімі және аяқ киімі болу керек;	үнемі	Мал иесі		Селолық вет. инспекторы	округтің
	2) Қолжуғыш, сүлгі, сабын, 1-көмек көрсететін аптечка;	үнемі	Мал иесі		Селолық вет. инспекторы	округтің
	3) Кір салатын, ыдыс болу тиіс; киімді жуатын	үнемі	Мал иесі		Селолық вет. инспекторы	округтің
	4) Үш тастаған қозыларды, бұзауларды жинайтын және арнайы шұңқыр ыдыс көметін	үнемі	Мал иесі		Селолық вет. инспекторы	округтің
5) Құрал-сайман, залалсыздандыру препараттары болуы тиіс;	үнемі	Мал иесі		Селолық вет. инспекторы	округтің	

6) Сарып тексерілмеген адамды күтіміне жібермеу	ауруына мал үнемі	Мал иесі	Селолық дәрігерлік амбулаториясының дәрігері
---	-------------------	----------	--

бөлімінің бастығы **Аудандық ауыл шаруашылық
Б. М. Бименов**

инспекторы **Аудандық аумақтық инспекциясының
бас мемлекеттік ветеринарлық
М. Т. Мұстафаев**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК